

"Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы" N 1679 мемлекеттік тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті тәрайымының 2001 жылғы 10 тамыздағы N 30 бүйрығына езгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 қазанды тіркелді. Тіркеу N 3158. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 27 мамырдағы N 56 бүйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2009.05.27 мамырдағы N 56 бүйрығымен.

"Патент туралы" Қазақстан Республикасының Заңын , "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҮЙЫРАМЫН** :

1. "Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықтарды басқаға беру туралы шарттарды тіркеудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті тәрайымының 2001 жылғы 10 тамыздағы N 30 бүйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 1679 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде 2002 жылы 15-ші нөмірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

atalған бүйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің тәртібі жөніндегі Ережеде (бұдан әрі - Ереже):

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген және өнеркәсіптік меншік құқығын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салалардағы (өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызмет көрсету) қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы ұйым.";

4-тармақта "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінде (бұдан әрі - Комитет)" деген сөздер "уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Қазақстан патенттік сараптама институты (бұдан әрі - Институт)" деген сөздер "сараптама жасау ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта "Комитетке" деген сөз "сараптама жасау ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақта және 19-тармақтың екінші абзацында "Комитет" деген сөз тиісінше "сараптама жасау ұйымы", "сараптама жасау ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің түгел мәтіні бойынша "Комитет", "Институт" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "сараптама жасау ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ережеге 1, 2-қосымшаларда "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті" деген сөздер "сараптама жасау ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету жөніндегі басқарма осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының орынбасары А.Х.Әміргалиевқа жүктелсін.

4. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және жариялауга жатады.

Төраға міндеттін атқарушы